

"Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығының Рузаев ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын Солтүстік Қазақстан облысының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 19 шілде N 1003

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығының Рузаев ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын (бұдан әрі - Кәсіпорын) Солтүстік Қазақстан облысының коммуналдық меншігіне беру туралы ұсынысы қабылданды.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі заңдардың талаптарына сәйкес Кәсіпорынды республикалық меншіктен Солтүстік Қазақстан облысының коммуналдық меншігіне беруді қамтамасыз етсін.

3. Солтүстік Қазақстан облысының әкімі заңдарда белгіленген тәртіппен Кәсіпорынды мемлекеттік қайта ресімдеуді қамтамасыз етсін және осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де қажетті шаралар қабылдасын.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі